

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

5. Особенности банкротства сельскохозяйственных организаций и меры по их предотвращению / Я. С. Газейкина, А. Т. Исхаков, М. М. Низамутдинов, Д. В. Кашкарова // Развитие бухгалтерского учета и аудита в условиях цифровой экономики : сборник научных трудов по материалам Международной научно-практической конференции, Казань, 23–24 мая 2023 года. – Казань: Казанский государственный аграрный университет, 2023. – С. 142-149. – EDN WSAQBN.

6. Финансовая устойчивость предприятия / З. Х. Гизетдинова, Э. Н. Фахретдинова, Р. И. Нуриева, А. С. Клычова // Развитие бухгалтерского учета и аудита в условиях цифровой экономики : сборник научных трудов по материалам Международной научно-практической конференции, Казань, 23–24 мая 2023 года. – Казань: Казанский государственный аграрный университет, 2023. – С. 172-178. – EDN XZWBUG.

УДК 336.051

ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ НЫҒАЙТУДАҒЫҚЫСҚА МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР АУДИТІНІҢ ОРНЫ

Ергеш Ақмейір Айдосқызы

akmeiyr.yergesh@mail.ru

«Мемлекеттік аудит» БББ 3 курс студенті

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан

Республикасы

Ғылыми жетекшісі – Жахметова А. К.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің «Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспарын бекіту туралы» 2007 жылғы 23 мамырдағы №185 бұйрығына сәйкес қаржылық есептіліктің 1-нысаны «бухгалтерлік баланста» қысқамерзімді міндеттемелер 3-бөлімге енгізіледі. Бұл міндеттемелердің құрамына кредиторлық берешек, қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер, қысқа мерзімді қарыз, салықтар бойынша міндеттемелер және басқалары кіреді. Қысқа мерзімді міндеттемелер деп бір жыл ішінде өтелуі тиіс міндеттемелер танылады[1]

Қысқа мерзімді міндеттемелер ұйымның өз қарыздары, берешектері бойынша жауап бере алатын қабілетін сипаттайды. Егер ұйым өзінің кредиторларының алдында берешектерін толық көлемде өтей алмаса ол осы міндетті төлемдерді өтеу үшін дәрменсіз деп танылуы мүмкін.

Қысқа мерзімді міндеттемелерді тексеру мемлекеттік аудиттің, сонымен қатар бухгалтерлік есеп қызметінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Қысқа мерзімді міндеттемелердің аудиті ұйымның басшылығына, инвесторларына, кредиторларына және басқа да мүдделі тараптарға алдыңғы жылдармен салыстырғанда міндеттемелердің қалай өзгергенін, оның өсу динамикасын, қысқа мерзімді кредиторлық берешектің ұйымның қаржылық тұрақтылығына әсерін талдауға, тәуекелдерді бағалауға мүмкіндік береді.

Қысқа мерзімді міндеттемелер аудитінің мақсаты ұйымның қаржылық тұрақтылығын нығайту негізінде, қысқа мерзімді міндеттемелерге қатысты ақпараттар мен деректердің дұрыстығы мен анықтығын қамтамасыз ету. Бұл аудит шеңберінде аудиторлар қысқа мерзімді міндеттемелер дәл және толық деген сенімділікке ие болып, осы ұйымның есептілігі Қазақстан Республикасының Заңнамасына, нормативтік құқықтық актілеріне, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес екендігіне көз жеткізуі тиісті.

Қысқа мерзімді міндеттемелер аудиті бірнеше факторларды анықтауға септігін тигізеді:

- ұйымның қысқа мерзімді міндеттемелерін талдау қаржылық тәуекелді бағалауға, яғни қаржылық тұрақтылыққа ағымдағы міндеттемелердің әкелетін тәуекелдерін талдауға;

- ұйымның ағымдағы міндеттемелерді уақытында толық қанағаттандыруына өтімділігін тексеруге;
- қаржылық есептілікте көрсетілмеуі мүмкін міндеттемелерді анықтау, оларды есепке алудың толықтығы мен дұрыстығын тексеру арқылы, жүйелі кемшіліктердің алдын алуға немесе оларды жоюға, болдырмауға, т.б.

Қысқа мерзімді міндеттемелер аудиті инвесторлар мен кредиторлардың ұйымның қаржылық есептілігіне деген сенімін нығайтуға ықпал етеді. Бұл әсіресе акционерлік қоғамдар үшін маңызды болып табылады, себебі инвесторлар мен кредиторлар инвестициялық және кредиттік шешімдер қабылдау үшін акционерлік қоғамның қаржылық тұрақтылығын басшылыққа алады. «Самұрық-Энерго» АҚ мысалға ала отырып, міндеттемелер аудитіне талдау жұмыстарын жүргізейік.

Жалғыз акционері «Самұрық-Қазына» болып табылатын «Самұрық-Энерго» АҚ 2007 жылы 10 мамырда тіркелген. Бұл АҚ электр энергиясын өндіру, жылу энергиясын орнату, оларды жеткізумен, сонымен бірге электр энергиясымен жабдықтаумен және энергетикалық көмір өндірумен айналысатын энергетикалық холдинг. Бұл көп бейінді холдинг Қазақстанның көпсалалы дамуына ықпалдасатын энергиямен жабдықтаудың жоғары тиімділікті жүйесін орнатуға, энергетикалық қауіпсізділігін сақтауға, өндіруші қуаттарды жаңартуға, оларды жаңғыртуға, салуға негізделген ұлттық саясатты іске асырады. [2]

Ал ендеше, қысқа мерзімді міндеттемелерді «Самұрық-Энерго» АҚ қалай басқаратынын талдайық. (1-Кесте)

1-Кесте. «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2021-2022 жж. Қысқа мерзімді міндеттемелерінің өзгерісін талдау

Көрсеткіштер	2021 ж.(мынтг)	2022 ж. (мын тг)	Абсолютті ауытқу(мын тг)	Өсу қарқыны (%)	Өсім қарқыны (%)
Активтерді жою міндеттемелері бойынша резерв	73814	66400	-7414	90,0	-10,0
Қарыздар	104357629	118132815	13775186	113,2	13,2
Қызметкерлерге сыйақылар бойынша міндеттемелер	189304	187295	-2009	98,9	-1,1
Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек және өзге де кредиторлық берешек	50157039	57497678	7340639	114,6	14,6
Бюджетке төленетін салықтар және өзге де төлемдер бойынша берешек	7850505	11311801	3461296	144,1	44,1
Қысқа мерзімді жалдау бойынша міндеттемелер	927267	925658	-1609	99,8	-0,2
Төленетін табыс салығы	2636126	4351494	1715368	165,1	65,1
Қысқа мерзімді міндеттемелер жиыны	166191684	192473141	26281457	115,8	15,8
Ескерту: автормен дереккөз негізінде құрылған [3]					

АҚ-да қысқа мерзімді міндеттемелер 15%-ға артқандығы 1-Кестеде айқын көрсетілген. Сәйкесінше, 2022 жылы ұзақ мерзімді міндеттемелердің үлесі 11% көрсеткішке азайғандығы байқалған. Бұл қоғамның ұзақ мерзімді міндеттемелерін қысқа мерзімді міндеттемелерге ауыстырып жатқандығын көрсетеді. Компанияның қаржылық тұрақтылығы үшін бұл жағдай өте тиімді болып табылады.

1-Кесте мәліметтеріне сүйенсек, ең қатты өзгеріс ауқымы байқалатын көрсеткіш төленетін табыс салығы болып табылады. Төленетін табыс салығының 65 %-ға өсуі

акционерлік қоғамның кірісі мен қаржылық икемділігін төмендетеді. Жалпы алғанда, табыс салығының өсуі қоғам үшін оның пайдасына, бәсекеге қабілеттілігіне, қаржылық тұрақтылығына және инвестициялық мүмкіндіктеріне әсер ете отырып, біршама қиындықтарға әкеп соқтырады.

Төленетін табыс салығының өсімін бақылау үшін салық декларацияларын талдау қажеттілігі туады. Себебі, белгілі жағдайда бұл аудиторлық дәлелдеме көздерінің ішіндегі ең негіздігісі болып табылады. Сонымен қатар, шот-фактуралар, келісім шарттар, банктік үзінділер, чектер және басқа да құжаттар дәлел бола алады.

Келесі өсу қарқыны бойынша екінші орында тұрған бюджетке төленетін салықтар және өзге де төлемдер бойынша берешекті толық қарастырайық. Алдымен айта өту керек, бұл берешектің 44 %-ға өсімі акционерлік қоғамның қызметіне теріс әсер ететіні сөзсіз. Қаржылық қиындықтарды көрсететін көрсеткіш болып тұратын бұл бап табыстың жеткіліксіздігін немесе қаржыны басқарудың тиімділігінің төмен екендігін көрсетеді. Ендеше осы берешектің құрылымымен егжей-тегжейлі танысайық. (2-Кесте)

2-Кесте. «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2021-2022 жж. Салықтар және бюджетке төленетін басқа төлемдер бойынша берешекті талдау


Көрсеткіштер	2021 ж. (мың тг)	2022 ж. (мың тг)	Абсолютті ауытқу (мың тг)	Өсу қарқыны (%)	Өсім қарқыны (%)	Құрылымы (%)	
						2021 ж.	2022 ж.
Парниктік газдар шығарындыларына қосымша квота сатып алуға арналған резерв	2438179	4618337	2180158	189,417471	89,4	31,1	40,8
ҚҚС	2806478	1639693	-1166785	58,4	-41,6	35,7	14,5
Қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем	1506590	1565921	59331	103,9	3,9	19,2	13,8
Жеке табыс салығы	558498	687585	129087	123,1	23,1	7,1	6,1
Өлеуметтік салық	476576	558274	81698	117,1	17,1	6,1	4,9
Мүлік салығы	9757	111530	101773	1143,1	1043,1	0,1	1,0
КТС	6025	1444956	1438931	23982,7	0,0	0,1	12,8
Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық	12085	13409	1324	111,0	11,0	0,2	0,1
Өзге де салықтар	33317	672096	638779	2017,3	1917,3	0,4	5,9
Барлық салықтар және бюджетке төленетін өзге төлемдер бойынша берешек	7850505	11311801	3461296	144,1	44,1	100	100
Ескерту: автормен дереккөз негізінде құрылған [3]							

2-Кестеге сәйкес мүлік салығының 2022 жылы күрт өсуі байқалады. Мүлік салығының өсуі жылжымайтын мүлікті иеленуге және пайдалануға байланысты салық міндеттемелерінің мөлшерін ұлғайғандығын білдіреді. Бұл салық көбінесе компанияның жері, ғимараттары, құрылыстары және басқа активтері сияқты мүліктің құнына байланысты алынады және жергілікті салық мөлшерлемелері мен мүліктің бағалау мәндеріне сәйкес есептеледі.

Сонымен қатар, бюджетке төленетін салықтар мен өзге төлемдер бойынша берешектің өсімі парниктік газдар шығарындыларына қосымша квота сатып алуға арналған резервтің 44 %-ға өсімімен де түсіндіріледі.

Акционерлік қоғам парниктік газдар шығарындыларында белгілі бір шектеулерді сақтауға міндетті. Бірақ шекті шамадан асып кетсе, онда артық мөлшерді өтеу мақсатында квоталарды сатып алады. Квоталарды сатып алуға арналған резервтер қосымша квоталарды сатып алуға болашақ шығындарды жабу мақсатында компания бөлетін ақша қаражаттары. Бұл экология саласындағы заңнаманың қатаңдауы немесе квота құнының өсуі жағдайында қаржылық резервтерді қамтиды. Парниктік газдар шығарындыларының климатқа әсерін азайту үшін осы резервтер пайдаланылады. Аталмыш резервтерді пайдалану экологиялық стандарттарды сақтауға, тәуекелдерді азайтуға стратегиялық тәсіл болып табылады. Бұл резервтер компанияға кез келген өзгеріске дайын болуына көмектеседі және қоршаған ортаға зиянды әсерді азайтуды қамтамасыз етеді.[4]

Келесі кезекте 14%-ға өсім байқалатын көрсеткіш негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек және өзге де кредиторлық берешек болып табылады. (1-Сурет)



1-Сурет. 2021-2022 жж. Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек және өзге де кредиторлық берешек жиыны, мың тг

Негізгі қызмет бойынша кредиторлық берешек және өзге де кредиторлық берешек бабының өзгеруіне өзге кредиторлық берешектен кейін, негізгі құралдарды сатып алу бойынша кредиторлық берешектің алдыңғы жылмен салыстырғанда 26%-ға өсуі себепші болып отыр. Бұл берешектің ұлғаюы жеткізушілермен қарым-қатынасқа кері әсерін тигізетіні анық. Себебі, қарыз сомасының өсуі компанияны жеткізушілер үшін сенімсіз қылуға алып кетуі мүмкін. Алайда бұл кредиторлық берешек түрінің жүйелі түрде өсуі негізгі құралдарға салынған инвестициялардың қарқындылығының көрінісі болып, қоғамның өндірістік қуаттылығының стратегиясын көрсетеді.

Негізгі құралдарды сатып алу бойынша кредиторлық берешектің өсуінің дәлелдеме көздері ретінде төлем мерзімін, төлем шарттарын қамтитын әрбір берешек туралы құжаттарды, жеткізушілермен төлем операциясын көрсететін банктік шоттардың үзінділерін, сонымен бірге негізгі құралдарды жеткізу және қабылдау жөніндегі құжаттарды аудиторлар сұратады.

Келесі аспект жалақы бойынша берешектің 24%-ға өсімі қызметкерлермен қарым-қатынасқа және олардың қанағаттану деңгейіне әсер етуі мүмкін. Жағымсыз әсерлерді азайту үшін бұл процесті басқару өте маңызды. Кредиторлық берешектің берілген түрінің ұлғаюын растау мақсатында аудиторлар талап ете алатын құжаттарға:

- жалақы бойынша міндеттемелердің өсу себептерін растайтын ішкі құжаттар;

- жалақы туралы ережелер мен қызметкерлерге қосымша жәрдемақылар туралы ақпаратты қамтитын құжаттар;
- персонал құрылымындағы өзгерістерді, жалақының өсуін және еңбек қатынастарындағы басқа өзгерістерді көрсететін персоналды басқару туралы есептерді жатқызуға болады.

Акционерлік қоғамдағы қысқа мерзімді міндеттемелерді тиімді басқару компанияның қаржылық тұрақтылығы мен икемділігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Жоғарыда көрсетілген көрсеткіштердің біршамасы «Самұрық Энерго» АҚ-дағы қаржылық тұрақтылыққа кері әсерін тигізуі мүмкін. Осы мәселелерді шешу мақсатында:

- ✓ салық мөлшерлемесін төмендету арқылы, салық міндеттемесінің төмендеуіне әкелуі мүмкін нұсқаларды қарастыру;
- ✓ парниктік газдар шығарындыларын азайту мақсатында өндірістік процестерді оңтайландыру мүмкіндіктерін зерттеу. Бұл тиімді технологияларды енгізуді, энергия тиімділігін арттыруды және таза энергия көздерін пайдалануды қамтуы мүмкін;
- ✓ қоғамның ұзақ мерзімді қажеттіліктерін жоспарлау, шұғыл және жоғары несие төлемдерін қажет етпеу үшін осы жоспарға сәйкес негізгі құралдарды сатып алу керек;
- ✓ кредиторлық берешекке тәуелділікті төмендететін лизинг немесе факторинг сияқты әртүрлі қаржыландыру көздерін зерттеу қажет.

Қорытындылай келе, қысқа мерзімді міндеттемелер аудиті компанияның салықтар мен басқа да төлемдер бойынша қарыздарының қаржылық есептілікте дұрыс көрсетілуін және оның ашықтығын қамтиды. Осы қысқа мерзімді міндеттемелер бөліміндегі міндеттемелерді есепке алудағы ықтимал қателіктерді, сондай-ақ алаяқтықтың ықтимал жағдайларының алдын алуға мүмкіндік береді. Инвесторлардың, акционерлердің және кредиторлардың сенімін қалыптастыруға жәрдемдесетін қысқа мерзімді міндеттемелердің аудиті компаниялардың қызметі үшін маңызды рөлді атқарады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2007 жылғы 23 мамырдағы N 185 бұйрығы [Электрондық ресурс] // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V070004771>
2. «Самұрық - Энерго» АҚ [Электрондық ресурс] // URL: <https://qsamruk.kz/kz/company/samruk-energy-jsc>
3. Самұрық Энерго АҚ-ның жылдық қаржылық есептілігі [Электрондық ресурс] // URL: <http://surl.li/nwver>
4. Системы торговли квотами на выбросы парниковых газов в Азиатско-Тихоокеанском регионе [Электрондық ресурс] // URL: https://www.economy.gov.ru/material/file/d8d7071b90d7af3818ec3a836355244f/ETS_ATP.pdf

ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ МЕН БЕРУ ОБЪЕКТІЛЕРІНДЕГІ ТИІМДІЛІК АУДИТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жартыбек Дарина Берікқызы

dzhartybek@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің
Мемлекеттік аудит БББ 2 курс студенті, Астана, Қазақстан

Алибекова Балшекер Ашиқбаевна, э.ғ.к., доцент

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті,
Астана, Қазақстан

Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық кешенін дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында электр энергетика саласы – елдің тіршілігін